

	Дыбыс химиясы дегеніміз не?	1
	Ультрадыбыстың биологияда қолданылуы	1
	Ультрадыбыстық жарқырау	1
	Эмульсия және оның қолданылуы	1
	Ультрадыбыстың фармацевтикада қолданылуы	1
	Ультрадыбыспен емдеу	1
Ультрадыбыстың халық шаруашылығының әр түрлі саласында қолданылуы		
	Ультрадыбыстың өсімдіктер өсуі әсері	1
	Ультрадыбыстық коагуляция	1
	Ультрадыбыстық сүзгінiндiрiсте пайдалану	1
	Ультрадыбыстық пісіру және кесу	1
	Ультрадыбысты радиотехникада қолдану	1
	Ультрадыбыс жеңіл өнеркәсіпте	1
	Ультрадыбыс және одан сақтану жолдары	1
	«Біздің өмірімізде ультрадыбыстың алатын орны» атты оқушылардың баяндамалары	2
	Қорытынды кеші	2

Элективті курсты оқытуда күтілетін нәтижесі сауалының жауабы: жеке білім траекториясын мектепте құруға қандай білім, білік, тәжірибе қажетігі мен мектепті аяқтағаннан соң сәтті кәсіби карьера алынып, қандай қызмет түрлері игерілетіні, оны игеру үшін қандай құндылықтар қажет екені ұғынылады.

Оқыту нәтижесі «оқушы білуі керек» (мысал келтіру, түсінік алу) білу, тәжірибесі болуы» терминдары түрінде беріліп, құзырлы термин ретінде қалыптасуы керек. Курстағы оқуды аяқталғанда оқу құзырлығының кем дегенде негізгі үш түріне сәйкес- топпен жұмыс, ақпаратпен жұмыс, мәселені шешу - құзырлықтары бойынша білім алған оқушының деңгейін анықтауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Пан С.М. Подготовка педагога профильной школ/С.М. Пан//Народное образование -2004.-№1. -С.135-142
2. Бондаренко М.А. Элективные курсы по физике и их роль в организации профильного и предпрофильного обучения//Физика в школе.-2003.-№ 7. - С.17.
3. Арызханов Б.С. Ультрадыбыстар әлеміне саяхат.–Алматы: Қайнар, 1987-160 б.

Касымова А.Г.¹, Сабирова А.Е.²

1. Ғылыми жетекшісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

2. Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Физика»

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ 9 СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «МЕХАНИКА» ТАРАУЫ БОЙЫНША АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ ҚҰРАСТЫРУ

Елбасымыз 2006 жылғы өз Жолдауында тақталып, қазақстандық-тардың жана ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ресми тіл және ағылшын қарым-қатынас тілі ретінде еркін білуі керектігін атап көрсетті. Одан әрі Еуропада көптілділік қалыптасқандықтан, біздің де ортақ құндылықтармен кіріккен, тілдік ортасы жарасы тапқан тек болашаққа құлаш ұрған ұлтқа айналуымыз керектігін өзекті мәселе етіп қойды. Бұдан берілетін білім мазмұнын жетілдіру – тіл дамыту мәселесінің заңды өзектілігі дер едім. Сонымен қатар, мемлекеттік тілге деген қамқорлықты арттыра отырып, орыс тілін қазақ халқының ғылым мен білімге, оған қоса ағылшын тілі де біздің болашағымызға қажет деп тұжырымдады. Дүние жүзімен қарым-қатынас, ұлттық бәсекеге қабілеттілікті деңгейлеу үшін осы үш тілді балаларымыздың мектептен бастап меңгергені олардың болашағына көп пайдасын тигізетініне тоқталды. Үш тіл туралы Елбасының Жолдауын басшылыққа ала отырып, бүгінгі күннің талабына сай оқытуды қамтамасыз ету, бүгінгі күнгі тіл үйретіп жүрген әдістемелік құралдардың сапасын өңдеу керектігін қосып айтты. Бүкіл технология, ақпарат, компьютердің тілі болып отырған ағылшын тілін білу – өмір талабы дей келе, шет елдердің озық тәжірибелерін, әдісін қолданумен:

- дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін ағылшын тілін терең меңгерту;

- үш тілді үйрете отырып әлемді тануына ықпал ету;

- ағылшын тілін білу арқылы жаһандық қарым-қатынас жасауға болатынын көрсету;

- жаңашыл технологиялық ақпараттар ағылшын тілінде болғандықтан, құрал тетіктерін талдауды мақсат тұтуды ескертті.

Тіл – бүкіл тіршіліктің алтын қазығы, ғылымның, білімнің қай саласы болмасын, ол тіл арқылы дамиды.

2010 жылғы 30 қаңтардағы «2010-2020 жаңа он жылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында білім беуде 12 жылдық оқыту моделін енгізу, білім сапасын жоғарылату, ұлттық инновациялық жүйенің толыққанды жұмыс істеп, «зияткерлік мектептер» отандық білім беру жүйесінің флагманы болатынына, осы заманғы оқу бағдарламаларының, басты назарға алынуына тоқталды. Тілді жоғарғы деңгейде меңгеріп, шетелдік білім жүйесімен басқа мәдениетті үйренеді. Алдына мақсат қойып, ізденіске және тәуелсіз жұмыс істеуге жетелейді. Үш тілді үйретуде қоспақ жаңалығым үштілді ұрпақ сезімін, ойын ана тілінде жинақтап, құрастырып, ұйқастырып, қалған екі тілге аударып, бір уақытта үш тілдік тұғырлылығы мен шығармашылығын арттырады. Электрондық сөздікпен, әртүрлі тілдегі сөздіктер жинағын, сабақта өткен мәліметті

қолданып, аударып алып, ұйқасын сәйкестіріп, үш тілде сөздік қорын молайтады.

Тіл дамыту жұмыстары негізінде сабақ процесі арқылы жүргізіледі. Ал қазіргі сабақ дамыта оқытуға негізделген сабақ. Оқушының танымдық қызығушылығын, дарынын, қабілетін дамыту. Есте сақтау, ойлау дағдылары, берілетін білімнің ең негізгі мәселелерін бөліп ала білу. Салыстыру, қорытынды жасау, өз беттерімен бір нәтижеге жете білу, фактілер мен ұғымдарды жүйелі түрде жеткізе білу. Модель, жоба жасап, болжамдар ұсынып оны қорғайды, дәлелдейді, білуге дағдыланады. Алдында тұрған мақсатқа жете білу, сайыстар мен іскерлік ойындарға қатысу. Қазіргі талап бойынша тіл дамыту жұмыстарын интерактивті әдістер арқылы жүргізу нәтижелі болмақ. Мысалы, «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды сайысын үш тілде қолданып, тәрбиелік сабақ өткізуге болады. Оқушылар орыс тілінде еркін сөйлейді, себебі орыс балаларымен тілдесіп ойнап, бір ортада өмір сүріп жатыр. Ал ағылшынша тек сабақта ғана оқулық көлеміндегі ережелерді жаттап, оның елу пайызы ұмытылып қалады. [1, б.13-18]

Тәуелсіз елдің білім жүйесінің жаңа үлгісін қалыптастыру мақсатында елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына бір сөзді ұстаздарға күш-қуат береді: «Өз Отанын шексіз сүйе білетін, білімді, іскер, еліміздің ертеңі күнін күллі әлемге көрсететін келешек ізбасарларымызды қалай тәрбиелейміз? Оларға сапалы білімді қалай береміз? Міне, ұстаздар осы бағытта алда тұрған ауқымды міндеттерді, көкейкесті мәселелерді шешуге міндетті. Біз күдіктенбейтін жаңа білім мен технологияның пайда болуы, даму жүйесінің басты бағыттарының айқындалуы XXI ғасыр –білім ғасыры деген анықтаманы нақтылай түседі». Осылай деген елбасы көптеген жылдар бойы мектептің оқу-тәрбие жұмысындағы бірсарындылық, біртекті оқу жоспарлары мен бағдарламалары, орамсыздық, дайын үлгіден шыға алмаушылық, педагогтік ой догматизмі, жоғарыдан келіп түскен әдістемелік нұсқауларды орындаудағы формализм оқыту мен білім беру сапасын төмендетіп, үлгерімнің сапалық емес, сандық көрсеткішіне назар аударумен ерекшеленетінін атап өткен еді. Сондықтан да жаңа технологияларды білім беру саласында мектептерде қолданып, жүзеге асыру керек. Оқушыларға сапалы білім ошақтарының кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. [2, б.28-33]


Қоғам мектеп түлегінің қандай болғанын қалайды?

Америкалық педагог С.Шлехтидің «XXI ғасыр мектептері. Білім беру реформасындағы басылымдықтар» (1990) атты кітабында мектеп қызметкерлері арасында сауалнаманың өткізілгені туралы айтылады. Сұрастырылғандардың «Сіз мектептен не күтесіз?» деген сұраққа көбіне «Бізге өздігінен оқи алатын адамдар керек» деген бірыңғай жауап қайтарған екен.


Сондықтан мен оқулықтың жаттығуларынан өзге оқыту әдісін қолданып, механика тарауы бойынша әртүрлі тапсырмаларды, соның ішінде механика бөлімдері, тесттер жинағы, есептер, зертханалық жұмыстар, өздік жұмыстарды қазақ-орыс-ағылшын тілінде Front Page бағдарламасы бойынша электронды оқулық құрастыруды жөн көрдім. Механика тарауын таңдап алғандағы

мақсатым, механика тарауы бойынша жалпы сипаттама бере отырып, физика пәнінен оқушылардың теориялық білімді практикамын ұштастыра отырып, өз бетінше жеке жұмыстар жүргізу қабілеттілігін, дүниетанымын дамыту. [3]


Бұл оқулық 9 сынып оқушыларына өте ыңғайлы, себебі механика тарауы бойынша қалаған тапсырмаларын орындайды және ағылшын тілінде өздігінен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл оқулық арқылы оқушылардың тапсырманы орындауға деген қызығушылықтары артып, бағдарламамен қалай жұмыс істеу керегін үйреніп, алдағы уақытта өз ниеттерімен бір тақырыпты алып өз қолдарымен электронды оқулық құрастыруға мүмкіндік алады.



1-сурет. Электронды әдістемелік оқу құралының алғашқы беті.



2-сурет. Мазмұны.



3-сурет. Үлгісі

Сабақты дәстүрлі тұрғыда жоспарлаудың ерекшеліктері:

Мұғалім түсіндіреді, сұрайды, бағалайды, қорытындылайды. Оқушы түсіндірілген сабақты қайталайды, сол бойынша бағаланады.

Сабақты технологиялық тұрғыда жоспарлаудың ерекшеліктері:

Мұғалім мен оқушы бірлесіп шығармашылық әрекет етеді, ортақ нәтиже жаңа іс-әрекеттер мен ізденістерге мұрындық болады.

Қорыта келгенде, еліміздің ертеңі, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Келешек – жастардың қолында, жастардың тағдыры – ұстаздардың қолында»!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 12 жылдық білім беру №2, 2013 ж
2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2008-2010 жылғы бағдарламасы».
3. Селевко Т.К. Современные Образовательные технологии. –М., 1998

Абдимоминова Д.К.¹, Садық Ә. Б.²

1. *Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі*
2. *Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Кәсіптік оқыту»*

АҒАШТАН БЕС ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАСТЫРМАЛЫ ОЙЫНШЫҚТАР ЖАСАУ

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі балалар тауарлары нарығын дамытуды көздейтін жоба ұсынып отыр. Себебі: мамандардың айтуынша, елімізде 4млн бүлдіршінге шетелден ойыншық алу үшін 2 млрд теңге көлемінде қаржы кетеді екен. Бұл дегеніміз нарықтың 98 пайызы. Егер аталған жоба Үкімет тарапынан қолдау тапса, елімізде ойыншық өндіретін фабрикалар салынады[1, 3б.].